

## НӘЗІК ЖАН, ҮЛКЕН ЖҮРЕК

Әнінен аласарып қыран шыңы,  
Шыңылдап ең бір таза тұрар шыңы,  
Табиғат қалай қиып бере салған  
Соншама жаны нәзік ұлы әншіні?!

Басылған өміріне өнер мөрі,  
Жұлдызды тағы сондай көрер ме еді?!  
Даланың бұлбұлына даңқ сыйлаған  
Қол соғып Үлкен театр көрермені.

Аз өмір сүрді шөлі қанбай қалып,  
Қуанып сәлге күліп, сәлге ойланып,  
Жібекке, Ақжүніске, Татьянаға,  
немесе Чио-Чио-Санға өзі айналып.

Келтіріп түрлі сазын, түрлі нәшін,  
Қалдырды ұрпағына үн мұрасын.  
Әлі мен ойланамын өз ортасы  
Әлпештей алды ма деп бір Күләшін.

Ән салса, әлдилейтін көктем өңін,  
Аямай көпке керім төкті өнерін.  
Кім білсін, сол аяулы дарынның да,  
Бір қаяу көкірегінде кетпегенін?!

Не жинап, не жинамай мұң ішіне,  
Озды ма төзбей жұрттың бір ісіне?!  
Тірілер септер, жіктер өлгендерді,  
Өлгеннің тірілермен жұмысы не?!

Әншіге арналатын, рас, той көп.  
Сонда да мазалайды бір ащы ой кеп...  
Эфирден әні естілсе, селт етісіп,  
Еріксіз қуанамыз «Күләш қой!» деп.

Тап-таза мөлдір үнге ел ырза әлі,  
Театрдың іздейді әлі не бір залы.  
Халқының жүрегіне жеткендердің  
Даңқының мәңгілігі – өмір заңы.

Дүние кейде неге тар асылға,

Таппайсың, бір айырылып қаласың да.  
Одаққа даңқы жеткен ұлы әншінің  
Өзі жоқ, даусы қалды даласында.

Біреулер ойламасын шұғыл іс деп,  
Жасады мәңгі өмірге бұрылыс тек.  
Қалады ғажап талант шын бұлбұлдың  
Өзін де таңқалдырған құбылыс боп!

Тұра алмас оңай ұстап даңқты әркім,  
Туады ақиқатты анықтар күн.  
«Гәккүін» айтып, Күләш Байсейітова  
Қалады бірі болып алыптардың.

*«Лениншіл жас». – 1982. – 13 мамыр*